



**Экологиялық құқық /Environmental Law/
Экологическое право**

XҒТАР 10.59.41

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2026-155-2-65-78>

Ғылыми мақала

**Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін құқықтық реттеу:
Қазақстан Республикасы және шет мемлекеттердің заңнамасы мен
тәжірибесін талдау**

Г.Б. Телеуев¹ , А.Е. Бектурганов² , Д. Нурмуханкызы³ 

^{1,3}І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(e-mail: ¹galim@mail.ru, ²a.e.bekturganov@mail.ru, ³daniyafmo@mail.ru)

Аңдатпа. Ғылыми зерттеу Қазақстан Республикасы және шет мемлекеттерінің тәжірибесі мен заңнамасында гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мәселелері кешенді және жан-жақты зерттелген. Авторлар ғылыми зерттеуде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі су қауіпсіздігі, экологиялық қауіпсіздік секілді мемлекет үшін аса маңызды стратегиялық басым бағыттар мен қатар маңызды екені дәлелденді. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде АҚШ, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер, Финляндия секілді мемлекеттердің тәжірибесі негізінде ұлттық құқықтық жүйені жетілдіруге қатысты ұсыныстар келтірілді. Авторлар, салыстырмалы құқықтық талдауға негізделі отырып, гидротехникалық құрылыстардың қызметін реттеуде тікелей заң актісінің маңызы, арнайы мемлекеттік орган мен гидротехникалық құрылыстарды санаттарға бөлудің тиімділігі, оларға меншік иелерінің жауапкершілігінің шегін бекітудің тиімділігі секілді шараларды анықтады.

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР26193915 Тұрақты даму жағдайында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді құқықтық реттеу жобасын іске асыру мақсатында дайындалды

Түйін сөздер: Гидротехникалық құрылыстар, қауіпсіздік, су саясаты, су қауіпсіздігі, су ресурстары, заңнама, апаттық қауіп, мемлекеттік басқару, меншік нысандары, экологиялық қауіпсіздік.

Түсті: 14.04.2026 Мақұлданды: 16.06.2026 Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

Кіріспе

Су ресурстарын басқару экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және стратегиялық маңызды ресурс ретінде ретінде Дублин қағидаларында және Гаага декларациясында ең алғаш рет бекітілген болатын [1].

Аталған халықаралық маңызы бар құжаттарда су ресурстарының экономикалық құндылығы оларды тиімді пайдалану мен басқаруды ұйымдастыру, сондай-ақ суды капиталдық инвестициялардың маңызды объектісі ретінде қарастыру тұрғысынан бағаланады. Су ресурстарын басқарудың оңтайлы тетіктерінің бірі ретінде су объектілерін мемлекеттік реттеу механизмдерін жетілдіру мәселесі айқындалған. Осы тұрғыдан алғанда, гидротехникалық құрылыстар су объектілерінің бір түрі ретінде мемлекеттік құқықтық реттеудің объектісі болып табылады. Олар мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады, өйткені олардың тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және су ресурстарын тиімді пайдалануға тікелей ықпал етеді. Гидротехникалық құрылыстар су шаруашылығы саласындағы қызметпен қатар су ресурстарын жинақтау, реттеу, бөлу және тиімді үйлестіру функцияларын орындайды. Сонымен бірге, олар жоғары қауіптілік көздерінің қатарына жататындықтан, олардың жұмыс істеуі барысында түрлі техногендік апаттардың орын алу қаупі де сақталады. Әлемдік тәжірибеде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі инженерлік, экологиялық және құқықтық тетіктердің өзара үйлесімді жүйесіне негізделген мемлекеттік басқарудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Гидротехникалық құрылыстардың стратегиялық маңызы олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, экологиялық қауіпсіздігіне және орнықты даму мақсаттарына елеулі ықпал ету мүмкіндігімен айқындалады. Дүниежүзілік банк өз құжаттарында гидротехникалық құрылыстарды негізінен «дамбылар» (dams) ұғымы арқылы қарастырып, олардың қауіпсіздігі үшін ең алдымен меншік иесінің жауапкершілігін белгілейді. Ал аса ірі дамбыларға қатысты олардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерін қамтитын арнайы қауіпсіздік бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру қажеттігіне ерекше назар аударады. Еуропалық Одақта осыған ұқсас дамбылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ФЕМАА ұлттық бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның негізгі мақсаты – су тасқындарының алдын алу, су инфрақұрылымын тиімді басқару және гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және техникалық тетіктерді жетілдіру.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдар гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінің тек ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде де өзекті стратегиялық бағыттардың бірі болып табылатынын көрсетеді. [2].

Осылайша, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі су қауіпсіздігі, экологиялық қауіпсіздік сияқты аса маңызды санаттармен өзара тығыз байланыста бола отырып, жалпы мемлекеттік қауіпсіздіктің маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырылуға негіз болады. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіз қызмет етуін қамтамасыз ету және оларды тиімді пайдалануды ұйымдастыру барысында құқықтық құралдар мен тетіктер шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты аталған мәселені құқықтық ғылым тұрғысынан кешенді зерттеу ерекше өзектілікке ие. Ұсынылып отырған зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің заңнамасы мен

құқық қолдану тәжірибесін салыстырмалы түрде талдау негізінде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің озық құқықтық модельдерін айқындау, сондай-ақ осы тәжірибені ескере отырып, ұлттық заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Әдіснама

Зерттеу барысында құқық ғылымына тән жалпы ғылыми және арнайы құқықтық зерттеу әдістері кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық, логикалық талдау әдістері, оның ішінде жалпыдан жекеге және жекеден жалпыға өту тәсілдері пайдаланылды. Салыстырмалы-құқықтық әдіс Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің гидротехникалық құрылыстар қызметін құқықтық реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерін зерделеу барысында кеңінен қолданылды. Бұл әдіс әртүрлі құқықтық жүйелердің ерекшеліктерін салыстыруға, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға, сондай-ақ ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Формальды-құқықтық әдіс гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық тетіктерді айқындау мақсатында заңнамалық актілерде бекітілген құқықтық нормалардың мазмұнын талдау кезінде қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін, халықаралық ұйымдардың құжаттарын және құқық қолдану тәжірибесін зерделеу барысында талдау және жинақтау әдістері кеңінен пайдаланылды. Аталған әдістер зерттеу мәселесінің теориялық және практикалық қырларын кешенді бағалауға, сондай-ақ ғылыми негізделген қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Отандық заң ғылымында гидротехникалық құрылыстардың құқықтық мәртебесі мен қауіпсіздігін тікелей зерттеуге арналған кешенді ғылыми еңбектер әзірге жеткіліксіз. Дегенмен, бұл бағыттағы ғылыми ізденістердің теориялық және әдіснамалық негізін қалыптастыратын бірқатар зерттеулер бар. Мукашева А.А. өзінің диссертациялық зерттеуінде гидротехникалық құрылыстарды су құқығының құқықтық реттеу объектілерінің бірі ретінде қарастырып, олардың құқықтық табиғаты мен су қатынастары жүйесіндегі орнын айқындайды [3]. Музтауов Ж.Б. ғылыми мақаласында гидротехникалық құрылыстарды нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру су қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды алғышарттарының бірі екендігін негіздей отырып, отандық құқықтық жүйені жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар береді [4]. Ал Телеуев Г.Б. гидротехникалық құрылыстарды қауіпсіз пайдалануды мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі ретінде қарастырады және олардың қауіпсіз қызмет етуі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа, экологиялық қауіпсіздікке және су ресурстарын тиімді басқаруға оң ықпал ететінін дәлелдейді [5]. Аталған авторлардың зерттеулеріндегі ортақ тұжырым Қазақстан Республикасындағы көптеген гидротехникалық құрылыстардың ұзақ уақыт бойы күрделі жөндеуден өтпеуіне

байланысты олардың физикалық тұрғыдан тозуының жоғары деңгейге жеткендігімен байланысты. Осыған орай, мемлекет гидротехникалық құрылыстардың техникалық жай-күйін тұрақты бақылауға алып, оларды жаңғырту мен қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге ерекше назар аударуы қажет деген қорытынды жасалады. Сонымен қатар, гидротехникалық құрылыстардың мемлекеттік, коммуналдық және жеке меншік нысандарында болуы оларды пайдалану мен күтіп-ұстауға байланысты жауапкершілік шегін нақты айқындауды қиындатады. Осыған байланысты авторлар гидротехникалық құрылыстардың құқықтық режимін кешенді түрде реттейтін арнайы заңнамалық акт қабылдау қажеттігін негіздейді. Битабарова Ж.А. өз зерттеуінде су тасқындарының алдын алу жүйесінде гидротехникалық құрылыстардың әлеуетін талдап, олардың табиғи апаттардың зардаптарын азайтудағы маңызын айқындайды [6]. Шетелдік ғылыми әдебиеттерде, әсіресе Батыс мемлекеттерінде, гидротехникалық құрылыстар көбіне «дамбылар» (dams) ұғымы арқылы қарастырылады. Вишарт М. өз зерттеуінде әлемдегі дамбылардың қауіпсіздігі халықаралық деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, дамбылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды инфрақұрылымдарды қорғаудың, экологиялық қауіпсіздікті сақтаудың және су ресурстарын ұтымды пайдаланудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, дамбылардың қауіпсіздігі мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін де ерекше маңызға ие. Автордың мәліметтері бойынша, қазіргі уақытта әлемде 58 мыңнан астам ірі дамбы пайдаланылуда. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі инфрақұрылымның ескіруі, халық санының өсуі, климаттың өзгеруі және экстремалды гидрометеорологиялық құбылыстардың жиілеуі салдарынан барған сайын өзекті сипат алып келеді [7]. Дамбылардың істен шығуы әрдайым мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей қатер төндірмегенімен, халықтың өмір сүру сапасына, экономиканың тұрақты дамуына және қолайлы қоршаған ортаны сақтауға елеулі зиян келтіруі мүмкін. Мұны әлемдік тәжірибеде орын алған ірі техногендік апаттар айқын дәлелдейді. Мәселен, 1975 жылы Қытай Халық Республикасының Хэнань провинциясындағы Банцяо бөгетінде болған апат гидротехникалық құрылыстар тарихындағы ең ірі техногендік апаттардың бірі ретінде бағаланады. Бөгеттің бұзылуы салдарынан 26 мыңнан астам адам қаза тауып, аймақтың экологиялық жағдайына орны толмас зиян келтірілді. Жалпы алғанда, бұл апат шамамен 10 миллион адамның өміріне және тұрмыс сапасына кері әсерін тигізді. Осы қайғылы оқиғадан кейін Қытайда барлық бөгеттердің қауіпсіздігіне кешенді тексерулер жүргізіліп, олардың сенімділігін арттыруға бағытталған жаңа техникалық және құқықтық тетіктер енгізілді [8]. 2015 жылы Бразилиядағы Фундау (Fundão) қалдық қоймасында орын алған апат салдарынан 19 адам қаза тауып, бөгеттің бұзылуынан өндірістік қалдықтар жақын маңдағы елді мекендер мен өзендерге таралып, өңірдің экологиялық жағдайына айтарлықтай зиян келтірілді. Бұл жағдай гидротехникалық құрылыстар қауіпсіздігінің су қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі, биоалуантүрлілікті сақтаудағы және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қолдаудағы маңызын айқын көрсетті [9]. Зерттеулерге сәйкес, әлемде шамамен әрбір мың бөгеттің біреуі апаттық жағдайда пайдаланылады. Мұндай бөгеттерде орын алатын апаттар халықтың өмірі мен денсаулығына, өңірлік экономикаға және табиғи экожүйелерге елеулі залал келтіреді. Орталық Азия өңірінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің шамамен 90 пайызы, электр энергиясының 40 пайызы және 15 миллионнан астам халықтың тіршілігі гидротехникалық құрылыстардың сенімді әрі

қауіпсіз жұмыс істеуіне тікелей тәуелді. Сондықтан олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету өңірдің орнықты дамуының маңызды шарты болып табылады. Мемлекет басшысы атап өткендей, 2024 жылғы көктемгі су тасқыны еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі зардап келтірді. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтеріне сәйкес, табиғи апат салдарынан 17,5 мың тұрғын үй мен 1353 аула су астында қалып, 72 елді мекен көлік қатынасынан оқшауланды. Қазақстанның 10 өңірінде төтенше жағдай режимі жарияланып, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Алдын ала есеп бойынша мемлекетке келтірілген материалдық шығын көлемі шамамен 400 млрд теңгені құрады [10]. Бұл жағдай гидротехникалық құрылыстарды пайдалануды құқықтық реттеу мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктерін жетілдірудің өзектілігін тағы да дәлелдейді. Қазақстандағы ең ірі гидротехникалық апаттардың бірі 2010 жылғы 11 наурызда Алматы облысының Ақсу ауданындағы Қызылағаш ауылында орын алды. Су бөгетінің бұзылуы салдарынан Қызылағаш ауылын су басып, 45 адам қаза тапты, 300-ге жуық адам түрлі жарақат алды. Елді мекендегі тұрғын үйлердің шамамен 80 пайызы зардап шегіп, оның ішінде 251 үй толықтай қирады. Материалдық шығын көлемі шамамен 8 млрд теңгені құрады. Мамандардың қорытындысына сәйкес, апаттың негізгі себептерінің бірі бөгеттегі су көлемінің уақытылы реттелмеуі болған [11].

Сондай-ақ, 2014 жылғы 31 наурызда Қарағанды қаласынан 30 шақырым қашықтықтағы Көкпекті ауылында бөгеттің бұзылуы салдарынан 650-ге жуық тұрғын үйді су басты. Бұл оқиға да гидротехникалық құрылыстардың техникалық жай-күйін тұрақты бақылаудың және құқықтық реттеудің жеткілікті деңгейде болмауының салдарын көрсетті. Қазіргі уақытта гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған әмбебап халықаралық құқықтық құжаттар саны көп емес. Дегенмен халықаралық экологиялық құқықтың негізгі қағидалары мемлекеттерді өз аумағындағы гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жанама түрде міндеттейді. Атап айтқанда, Стокгольм декларациясының 12-қағидасына сәйкес мемлекеттер қоршаған ортаны қорғауға жеткілікті ресурстар бөліп, дамушы мемлекеттерге экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында техникалық және қаржылық қолдау көрсетуге тиіс [12].

Сонымен қатар халықаралық экологиялық құқықтағы алдын алу қағидасы мемлекеттерге бөгеттерден туындауы мүмкін экологиялық қауіптердің алдын алу және оларды барынша азайту жөнінде шаралар қабылдау міндетін жүктейді. Бұл қағида ғылыми белгісіздік жағдайында да қоршаған ортаға ауыр немесе қайтымсыз зиян келтіру қаупі болған кезде алдын алу шараларын қабылдауды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында алдын алу қағидасының маңызы ерекше.

Жүргізілген талдау гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі тек Қазақстан Республикасына ғана тән емес, әлемнің көптеген мемлекеттері үшін де өзекті проблема екенін көрсетеді. Кез келген инфрақұрылымдық объектінің қауіпсіздігі кешенді тәсілді талап ететінін ескерсек, гидротехникалық құрылыстардың сенімді жұмыс істеуі инженерлік, ғылыми, экологиялық, экономикалық және құқықтық шаралардың өзара үйлесімді жүйесі арқылы ғана қамтамасыз етіледі. Бұл жүйеде құқықтық тетіктер шешуші орын алады, өйткені тиімді заңнамалық реттеу мен нақты құқықтық механизмдерсіз гидротехникалық құрылыстардың қажетті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан салыстырмалы-құқықтық зерттеу

гидротехникалық құрылыстар қызметін құқықтық реттеудің озық үлгілерін анықтауға және оларды ұлттық заңнамаға енгізуге мүмкіндік береді. Мәселен, Жапонияда су ресурстарын басқару және гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Өзендер туралы заң», «Арнайы көпмақсатты бөгеттер туралы заң», «Эрозияның алдын алу туралы заң», «Жағалау туралы заң» және басқа да нормативтік құқықтық актілер қолданылады. Жапония заңнамасында гидротехникалық құрылыстар негізінен «бөгеттер» ұғымы арқылы қарастырылады. Сонымен қатар 1961 жылы қабылданған «Апаттарды басқару туралы заң» табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың салдарын жоюдың негізгі құқықтық актісі болып табылады. Аталған заңның басты мақсаты – бөгеттердегі апаттардың алдын алу, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және төтенше жағдайлар туындаған кезде жедел әрекет ету шараларын құқықтық тұрғыдан реттеу болып табылады [13].

Ал Америка Құрама Штаттарының тәжірибесінде гидротехникалық құрылыстары тұрақты түрде жаңартуды қажет ететін күрделі инфрақұрылымның бір жүйесі ретінде қарастырылады. Америка Құрама штатарында 91 804 бөгет бар және орташа жасы 65 жылды құрайды. Ол мемлекеттің олардың қауіпсіздігіне қатысты алаңдатушылығын тудырып отыр. Жалпы Америка Құрама Штаттарында бөгеттердің 65 пайызы жеке меншікте болса тек 31 пайызына жуығы мемлекеттік меншікте, ал 4 пайызы коммуналдық меншік нысанында шоғырланған. Бөгеттерге меншік нысаны осындай аралас нысанда көрініс табуы олардың құқықтық режимін бірыңғай түрде анықтауға қиындықтар тудырады. Сол себептен де, бөгеттердің қауіпсіздігі тек мемлекеттің емес ол сонымен қатар меншік иелерінің дде жауапкершілігінде болады[14].

Америка Құрама Штаттарында ұлттық бөгеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасының заңы жұмыс жасайды. Ұлттық бөгеттер қауіпсіздігі бағдарламасы – бұл бөгеттерді жақсартуға және олардың айналасындағы қауымдастықтарда тұратын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық бағдарлама. 1996 жылы Конгресс оны алғаш рет мақұлдағаннан бері АҚШ- та көптеген бөгеттердің қауіпсіздігі айтарлықтай жақсарды. 2012 жылдан бастап FEMA органы жыл сайын бағдарламаның негізгі жетістіктерін айқындап көрсете бастады, бұл бағдарламаның елдегі бөгеттердің қауіп-қатерін азайтуда, пайдасын арттыруда және қауіпсіздігін нығайтуда атқаратын маңызды ролін түсіну мен хабардарлықты арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар бөгеттердің меншік иелерінің жауапкершіліктерін анықтайтын Safety of Water Power Projects and Project Works федералды актісі қоданыста. Осы актіге сәйкес бөгеттер иесі келесі мәселеде тікелей жауапкершіліктерді арқалайды:

- бөгет қауіпсіздігі саясаты, мақсаттары мен күтілетін нәтижелері;
- бөгет қауіпсіздігі бойынша жауапкершілік;
- бөгет қауіпсіздігі бойынша оқыту бағдарламасы;
- байланыс, үйлестіру, есеп беру және есептер;
- жазбаларды жүргізу және дерекқорлар; және
- бөгеттер қауіпсіздігін үздіксіз жетілдіру мәселелері[15].

Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттерінде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мен пайдалану режимін анықтайтын бірыңғай директива жоқ. Бірақ су объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндейттейтін директива әрекет етеді. Ол Directive 2000/60/EC of the European Parliament and of the Council of 23 October

2000 establishing a framework for Community action in the field of water policy. Аталған директиваның мақсаттары мен міндеттері 1-бабында қарастырылған. Директиваның мақсаты – ішкі беттік суларды, өтпелі суларды, жағалау суларын және жер асты суларын қорғауға арналған құқықтық негіз қалыптастыру, ол:

- су экожүйелерінің жағдайының одан әрі нашарлауына жол бермей, оларды қорғап және жақсартады, сондай-ақ олардың су қажеттіліктеріне байланысты су экожүйелеріне тікелей тәуелді құрлық экожүйелері мен батпақты жерлердің жағдайын жақсартады;

- қолжетімді су ресурстарын ұзақ мерзімді қорғауға негізделген тұрақты су пайдалануды ілгерілету;

- су ортасын қорғауды күшейтуге және жақсартуға бағытталған, атап айтқанда басым заттардың төгінділері, шығарындылары мен жоғалуын кезең-кезеңімен азайтуға және басым қауіпті заттардың төгінділері, шығарындылары мен жоғалуын тоқтатуға немесе кезең-кезеңімен қысқартуға арналған нақты шаралар арқылы;

- жер асты суларының ластануын кезең-кезеңімен азайтуды қамтамасыз етеді және одан әрі ластануын болдырмайды, және

- су тасқындары мен құрғақшылықтың әсерін азайтуға үлес қосадуды көздейді[16].

Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттерінде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған үздік тәжірибе Францияға тиесілі. Себебі, Францияда бөгеттер сол аймақтағы халықтың саны, бөгеттердің жасы мен жағдайы негізінде бөгеттерді А,И,С,Д деп аталатын бірнеше классқа бөледі. Сонымен қатар Франция экологиялық кодексінде қоршаған ортаға ықпал ететін құрылыстар міндетті түрде лицензиялауға жатады деп көрсетілген[17].

Ал испания заңнамасы бойынша биіктігі 5 метрден асатын, көлемі 1000 кубтан жоғары бөгеттер міндетті түрде саралануға және мемлекеттік тіркеуге жатады. Бөгеттердің қызметі әр ай сайын міндетті түрде бақыланып отыруы тиіс. Бөгеттердің қауіпсіздігі мен жұмыс жасауы орталықтанған жүйе арқылы реттелінеді[18].

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі еуропалық одақ мемлекеттерінің тәжірибесіне талдау, осы мемлекеттерде бірыңғай директиваның жоқ екенін көрсетті. Дегенменде, әр мемлекет өз әлеуеті шегінде бөгеттердің қауіпсіздігін мүмкіндігінше реттеп отыр. Әсіресе, келесі тетіктер, Қазақстан Республикасының тәжірибесі үшін маңыздылық тудыруда. Еуропалық Одақта, рұқсат ету жүйесі, бөгеттердің аумағында орналасқан халық санына қарай және бөгеттердің техникалық әлеуетіне қарай санаттарға бөліп, олардың жағдайына тұрақты түрде қадағалау жасау, сараланған жауапкершілік қағидаларымен жұмыс жасау тетіктерін үздік тәжірибе ретінде санауға болады.

Біздің пікірімізше шетелдік тәжірибеден гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі үздік тәжірибе Финляндияға тиесілі. Себебі, бөгеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған Dam Safety Act әрекет етеді. Бұл заң бөгеттерді салуда, оларды қолданысқа енгізуде қауіпсіздікті қамтамасыз етуді тікелей көздейді. Заң бойынша бөгеттердің қауіпсіздігіне жауапты арнайы орган құрылған. Заң бойынша бөгеттердің қауіптілік деңгейі, қадағалау жоспары, қолданатын іс шаралар жүйесі бекітілген[18].

Қазақстан республикасының тәжірибесінде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету заң және заңға тәуелді актілер мен реттеледі. Негізгілері ретінде Қазақстан Республикасының су кодексін атауымызға болады[20]. Осы су кодексіне

негіздеде отырып гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігінің регламенті бекітілді. Ол регламент бойынша гидротехникалық құрылыстардың қалыпты жағдайы мен, кластары анықталды. Гидротехникалық құрылыстардың физикалық жағдайына қатысты ережелер бекітілді [21]. Осы аталған заң актілерімен қатар Қазақстан Республикасында бірнеше салааралық нормативтік актілер әрекет етеді. Осыған байланысты түйін, Қазақстан Республикасы гидротехникалық құрылыстардың сапасын жетілдіру үшін орталықтанған дербес тікелей нормативтік акт қажет деген қорытынды жасалады.

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін құқықтық реттеуде Қазақстан Республикасы және шет мемлекеттердің заңнамасы мен тәжірибесін талдау келесі теориялық құқықтық қорытындылар жасауға негіз болды:

Біріншіден, Қазақстан Республикасында және шет мемлекеттерінде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең алдымен қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ет, су қауіпсіздігі және мемлекеттің әлеуметтік экономикалық жағдайының тұрақты болуы үшін маңызды. Гидротехникалық құрылыстар қызметіндегі апаттар сол аймақтағы халықтың өмірі мен мемлекеттің экономикасына аса ірі зардаптар әкелуі мүмкін. Сол себептен де, апаттардың алдын алу үшін гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық тетіктерді жетілдіру керек.

Екіншіден, Халықаралық құқықтық тәжірибе мен заңнамада мемлекеттерді гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттейтін тікелей норма болмағанымен ол халықаралық экологиялық құқықтық міндеттемелер мен қағидаларда жанама түрде айқындалған. Сол себептен де, мемлекеттер, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүдделі болуы тиіс.

Үшіншіден, Шет мемлекеттердің тәжірибесіне талдау көрсеткендей, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ол алдымен заңнамалық деңгейде анықталуына байланысты. Заңнамалық бекітудің бірнеше нұсқасынанықтауға болады. Ол тікелей экологиялық кодекстерде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі бекітілуі мүмкін, болмаса арнайы заң актісімен реттелуі және салааралық бірнеше заң актілерімен анықталуы мүмкін. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тікелей заң актісінің болуы аса маңызды.

Төртіншіден, Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде оларды санаттарға бөлу тәжірибесі ұтымды екені анықталды. Себебі, оларды санаттарға бөлу арқылы қауіптілік дәрежесі анықталып меншік иелерінің жауапкершіліктерін белгілеуге болады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттеріндегі гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәжірибесі мен құқықтық тетіктеріне жүргізілген талдау келесі қорытындылар жасауға негіз болды. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мемлекеттің экологиялық, су және техногендік қауіпсіздігінің маңызды әрі ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Ол мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар және тұрақты мемлекеттік бақылауды талап ететін гидротехникалық құрылыстардың техникалық жай-күйімен тікелей байланысты. Гидротехникалық құрылыстардың әлеуеті халықты сумен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы, энергетика және өнеркәсіп салаларын дамыту мақсатында тиімді

пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, олардың қызметі ірі техногендік апаттардың туындау қаупімен тығыз байланысты болғандықтан, қауіпсіздік талаптарының сақталуы ерекше маңызға ие. Осыған байланысты мемлекеттер халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары мен міндеттемелерін тиімді іске асыру үшін ең алдымен гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық беруі тиіс. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі – осы саладағы нормативтік-құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіру болып табылады. Шет мемлекеттердің тәжірибесіне жүргізілген талдау, әсіресе Америка Құрама Штаттары мен Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттерде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді әрі кешенді жүйесі қалыптасқанын көрсетті. Бұл мемлекеттерде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі құқықтық, инженерлік, ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың өзара үйлесімді жүйесін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін реттейтін арнайы заңның болуы мемлекеттік басқаруды жүйелендіруге, құзыретті мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін нақтылауға және олардың қызметіндегі қайшылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін құқықтық реттеу табиғи сипаттағы ірі төтенше жағдайлардан кейін қарқынды дами бастады. Әсіресе, жаңа Су кодексінің қабылдануымен гидротехникалық құрылыстарға қатысты бірқатар ұғымдық аппарат, құқықтық институттар және реттеу тетіктері жетілдірілді. Қазіргі уақытта гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ тиісті регламенттер арқылы реттеледі. Сонымен бірге жүргізілген талдау Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету жүйесінің әлі де даму және жаңғырту кезеңінде екенін көрсетті. Осыған байланысты аталған саладағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру, мемлекеттік бақылау мен қадағалау тетіктерін күшейту, сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған дербес заңнамалық негіз қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Авторлардың қосқан үлесі

Г.Б. Телеуев зерттеу тақырыбының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жұмыс атқарды. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі тақырыбы аясында ғылыми әдебиеттерге шолу жасады. Жинақталған ақпараттар бойынша тұжырымдамалық қорытындылар әзірледі.

А.Е. Бектурганов Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шет мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесіне талдау жүргізді. Тақырып бойынша отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеп, мақала мазмұнын арттыруға қажет ғылыми әдебиеттерді ұсынды. Тақырыптың бастапқы мақсаттарына қол жеткізу үшін ғылыми әдіснамалар ұсынды.

Д. Нұрмұханқызы Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан республикасының тәжірибесіне зерттеу жүргізіп, даму заңдылықтары мен бағыттарын ұсынды. Ғылыми зерттеудің қорытынды бөлімін әзірледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Гаагская декларация по окружающей среде. Принята на Международной конференции по защите атмосферы, Гаага, 11 марта 1989 г. – URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/hague_declaration.shtml (дата обращения: 24.03.2026).
2. Operational Manual. OP 4.37 – Safety of Dams [Электронный ресурс] / World Bank. – October 2001; revised April 2013. – Режим доступа: <https://thedocs.worldbank.org/en/doc/82d7a9070374457b375f980e95512275-0290012023/original/OP-4-37-Safety-of-Dams.pdf> (дата обращения: 23.03.2026)
3. Мукашева А.А. Теоретические и методологические проблемы водного права Республики Казахстан в современных условиях: дис. ... канд. юрид. наук.: 12.00.06. - Астана, 2010. – 295 с.
4. Музтауов Ж.Б., Гаврилова Ю.А., Умаров Д.М. Нормативно-правовое регулирование гидротехнических сооружений и их влияние на водную безопасность Республики Казахстан // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Право. – 2024. – № 1 (146). – С. 158–175. URL: <https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/download/354/157/2409> (дата обращения: 24.03.2026)
5. Телеуев Г., Бектурганов А. & Есентемирова А. (2025). Правовое регулирование эксплуатации и обеспечения безопасности гидротехнических сооружений в условиях устойчивого развития. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Право, 153(4), 76–89. <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-153-4-76-89>
6. Битабарова Ж., Бектурганов Ә., Телеуев Г. Проблемы правового регулирования предотвращения наводнений в Республике Казахстан // Journal of Actual Problems of Jurisprudence. – 2025. – Т. 115, № 3. – С. 76–86. – URL: <https://doi.org/10.26577/JAPJ202511538> (дата обращения: 24.03.2026).
7. Wishart M.J., Ueda S., Pisaniello J.D., Tingey-Holyoak J.L., Lyon K.N., Boj García E. Laying the Foundations: A Global Analysis of Regulatory Frameworks for the Safety of Dams and Downstream Communities. World Bank, 2020
8. Typhoon Nina–Banqiao dam failure // Encyclopaedia Britannica. – URL: <https://www.britannica.com/event/Typhoon-Nina-Banqiao-dam-failure> (дата обращения: 24.03.2026).
9. Melo T. L. de, Guimarães L. de O., Cortese T. T. P. Disaster governance and the role of civil society: A study of the mining disaster in Brumadinho, Brazil // International Journal of Disaster Risk Reduction. – 2024. – Vol. 114. – Article 104945. – URL: <https://doi.org/10.1016/j.ijdr.2024.104945> (дата обращения: 24.03.2026).
10. С. Кобжосарова Ущерб от паводков в Казахстане превысил ₸300 млрд// <https://24.kz/ru/tv-projects/aktsenty/item/672991-ushcherb-ot-pavodkov-vkazakhstan-prevysil-300-mlrd-aktsentywww.24.kz> (дата обращения: 24.03.2026).
11. Максимов Н. Сильнейшие паводки в Карагандинской области: кадры наводнения// Новостной портал Central Asia minitor.: <https://samonitor.kz/>
12. Декларация Конференции Организации Объединённых Наций по проблемам окружающей человека среды (Стокгольмская декларация), принята на Конференции ООН по окружающей среде человека, Стокгольм, 16 июня 1972 г. – URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declathenv.shtml (дата обращения: 24.03.2026).
13. World Bank. Dam Safety: Good Practice Note. – Washington, DC: World Bank, 2021. – URL: <https://documents.worldbank.org/en/publication/documents-reports/documentdetail/P171966> (дата обращения: 24.03.2026).

14. How many dams does America have? // USAFacts. – Published Nov 16, 2023. – URL: <https://usafacts.org/articles/how-many-dams-does-america-have/> (дата обращения: 24.03.2026).

15. Safety of Water Power Projects and Project Works // Code of Federal Regulations. – Title 18. – Part 12. – Authority: 16 U.S.C. 791a–825r; 42 U.S.C. 7101–7352. – Source: Order 122, 46 FR 9036, Jan. 28, 1981. – URL: <https://www.ecfr.gov/current/title-18/chapter-I/subchapter-B/part-12> (дата обращения: 24.03.2026).

16. Directive 2000/60/EC of the European Parliament and of the Council of 23 October 2000 establishing a framework for Community action in the field of water policy // Official Journal of the European Communities. – 2000. – L 327. – P. 1–73. – URL: <https://eur-lex.europa.eu/eli/dir/2000/60/oj/eng> (дата обращения: 24.03.2026).

17. Code de l'environnement (Франция). – Section: Régimes d'autorisation ou de déclaration (Articles L214-1 à L214-6). – URL: https://www.legifrance.gouv.fr/codes/section_lc/LEGITEXT000006074220/LEGISCTA000006108631/ (дата обращения: 24.03.2026)

18. Real Decreto 849/1986, de 11 de abril, por el que se aprueba el Reglamento del Dominio Público Hidráulico, que desarrolla los títulos Preliminar, I, IV, V, VI y VII de la Ley 29/1985, de 2 de agosto, de Aguas // Boletín Oficial del Estado. – 1986. – № 103. – 30.04.1986. – URL: <https://www.boe.es/buscar/act.php?id=BOE-A-1986-10638> (дата обращения: 24.03.2026)

19. Dam Safety Act 494/2009 (Финляндия) / Ministry of Agriculture and Forestry, Finland. – Unofficial translation. – URL: <https://www.finlex.fi/api/media/statute-foreign-language-translation/688184/mainPdf/main.pdf> (дата обращения: 24.03.2026).

20. Водный кодекс Республики Казахстан: Кодекс Республики Казахстан от 9 апреля 2025 года № 178-VIII ЗПК. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2500000178> (дата обращения: 24.03.2026).

21. Об утверждении Регламента о безопасности гидротехнических сооружений: Приказ Министра водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан от 15 июля 2025 года № 173-НҚ. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 17 июля 2025 года № 36459. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036459> (дата обращения: 24.03.2026)

Г.Б. Телеуев*¹, А.Е. Бектурганов², Д. Нурмуханкызы³

^{1,3}*Жетысуский университет имени И.Джансугурова, Талдыкорган, Казахстан*

²*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

(e-mail: ¹galim@mail.ru, ²a.e.bekturganov@mail.ru, ³daniyafmo@mail.ru)

**Правовое регулирование безопасности гидротехнических сооружений:
анализ законодательства и практики Республики Казахстан и иностранных государств**

Аннотация. В научном исследовании комплексно и всесторонне исследованы в практике и законодательстве Республики Казахстан и иностранных государств вопросы безопасности гидротехнических сооружений. Авторы доказали в научном исследовании, что безопасность гидротехнических сооружений, а также обеспечение водной и экологической безопасности являются важнейшими стратегическими приоритетами для государства. Даны рекомендации по совершенствованию национальной правовой системы на основе опыта таких государств, как США, государств-членов Европейского союза (включая Финляндию), в обеспечении безопасности гидротехнических сооружений. Авторы, основываясь на сравнительном правовом анализе, предложили такие меры, как принятие прямого законодательного акта для регулирования

деятельности гидротехнических сооружений, совершенствование категоризации специального государственного органа и гидротехнических сооружений, а также установление границ пропускной способности сооружений собственников.

Научная статья подготовлена в целях реализации проекта правового регулирования обеспечения безопасности и эксплуатации гидротехнических сооружений в условиях устойчивого развития АР26193915, финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Ключевые слова: гидротехнические сооружения, безопасность, водная политика, водная безопасность, водные ресурсы, законодательство, аварийная опасность, государственное управление, объекты собственности, экологическая безопасность.

G.B. Teleuyev^{*1}, A.E. Bekturganov², D. Nurmukhankyzy³

^{1,3}Zhetisu University named I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(e-mail: ¹galim@mail.ru, ²a.e.bekturganov@mail.ru, ³daniyafmo@mail.ru)

Legal regulation of the safety of hydraulic structures: analysis of legislation and experience of the Republic of Kazakhstan and foreign states

Abstract. Scientific research on the issues of safety of hydraulic structures in the practice and legislation of the Republic of Kazakhstan and foreign states is comprehensively studied. In a scientific study, the authors proved that the safety of hydraulic structures is of great importance, along with strategic priorities for the state, such as water safety and environmental safety. Recommendations on improving the national legal system based on the experience of such states as the United States, the member states of the European Union, and Finland in ensuring the safety of hydraulic structures were given. Based on a comparative legal analysis, the authors identified such measures as the importance of a direct legislative act in regulating the activities of hydraulic structures, the effectiveness of a special state body and the categorization of hydraulic structures, and the effectiveness of fixing the limits of responsibility of owners to them.

The scientific article was prepared in order to implement the project АР26193915, legal regulation of operation and safety of hydraulic structures in the context of Sustainable Development, funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Keywords: hydraulic structures, safety, Water Policy, water safety, Water Resources, legislation, emergency hazard, public administration, forms of ownership, environmental safety.

References

1. Gaagskaya deklaratsiya po okruzhayushchey srede. Prinyata na Mezhdunarodnoy konferentsii po zashchite atmosfery, Gaaga, 11 marta 1989 g. – URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/hague_declaration.shtml (data obrashcheniya: 24.03.2026).

2. Operational Manual. OP 4.37 – Safety of Dams [Elektronnyy resurs] / World Bank. – October 2001; revised April 2013. – Rezhim dostupa: <https://thedocs.worldbank.org/en/doc/82d7a9070374457b375f980e95512275-0290012023/original/OP-4-37-Safety-of-Dams.pdf> (data obrashcheniya: 23.03.2026).

3. Mukasheva A.A. Teoreticheskie i metodologicheskie problemy vodnogo prava Respubliki Kazakhstan v sovremennykh usloviyakh: dis. ... kand. yurid. nauk.: 12.00.06. – Astana, 2010. – 295 s.

4. Muztauov Zh.B., Gavrilova Yu.A., Umarov D.M. Normativno-pravovoe regulirovanie gidrotekh-nicheskikh sooruzheniy i ikh vliyanie na vodnyuyu bezopasnost Respubliki Kazakhstan // Vestnik Evraziyskogo natsionalnogo universiteta imeni L. N. Gumileva. Seriya: Pravo. – 2024. – № 1 (146). – S. 158-175.
5. Teleuyev G., Bekturganov A., Yesentemirova A. Pravovoe regulirovanie ekspluatatsii i obespecheniya bezopasnosti gidrotekhnicheskikh sooruzheniy v usloviyakh ustoychivogo razvitiya // Vestnik Evraziyskogo natsionalnogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Pravo. – 2025. – 153(4). – S. 76–89.
6. Bitabarova Zh., Bekturganov A., Teleuyev G. Problemy pravovogo regulirovaniya predotvrashcheniya navodneniy v Respublike Kazakhstan // Journal of Actual Problems of Jurisprudence. – 2025. – Vol. 115, № 3. – S. 76-86.
7. Wishart M.J., Ueda S., Pisaniello J.D., Tingey-Holyoak J.L., Lyon K.N., Boj García E. Laying the Foundations: A Global Analysis of Regulatory Frameworks for the Safety of Dams and Downstream Communities. – World Bank, 2020.
8. Typhoon Nina–Banqiao dam failure // Encyclopaedia Britannica. – URL: <https://www.britannica.com/event/Typhoon-Nina-Banqiao-dam-failure> (data obrashcheniya: 24.03.2026).
9. Melo T. L. de, Guimarães L. de O., Cortese T. T. P. Disaster governance and the role of civil society: A study of the mining disaster in Brumadinho, Brazil // International Journal of Disaster Risk Reduction. – 2024. – Vol. 114. – Article 104945.
10. Kobzhosarova S. Ushcherb ot pavodkov v Kazakhstane prevysil 300 mlrd // <https://24.kz/ru/tv-projects/aktsenty/item/672991-ushcherb-ot-pavodkov-v-kazakhstane-prevysil-300-mlrd-aktsenty>.
11. Maksimov N. Silneyshie pavodki v Karagandinskoy oblasti: kadry navodneniya // Novostnoy portal Central Asia Monitor. – <https://camonitor.kz/>
12. Deklaratsiya Konferentsii Organizatsii Obedinennykh Natsiy po problemam okruzhayushchey cheloveka sredi (Stokgolmskaya deklaratsiya). Prinyata v g. Stokgolme 16 iyunya 1972 g.
13. World Bank. Dam Safety: Good Practice Note. – Washington, DC: World Bank, 2021.
14. How many dams does America have? // USAFacts. – 2023. – URL: <https://usafacts.org/articles/how-many-dams-does-america-have/>
15. Safety of Water Power Projects and Project Works // Code of Federal Regulations. – Title 18. – Part 12.
16. Directive 2000/60/EC of the European Parliament and of the Council of 23 October 2000 establishing a framework for Community action in the field of water policy.
17. Code de l'environnement (France). Section: Régimes d'autorisation ou de déclaration (Articles L214-1 à L214-6).
18. Real Decreto 849/1986, de 11 de abril, por el que se aprueba el Reglamento del Dominio Público Hidráulico.
19. Dam Safety Act 494/2009 (Finland). Ministry of Agriculture and Forestry.
20. Vodnyy kodeks Respubliki Kazakhstan: Kodeks Respubliki Kazakhstan ot 9 aprelya 2025 goda № 178-VIII ZRK.
21. Ob utverzhdenii Reglamenta o bezopasnosti gidrotekhnicheskikh sooruzheniy: Prikaz Ministra vodnykh resursov i irrigatsii Respubliki Kazakhstan ot 15 iyulya 2025 goda № 173-NҚ.

Авторлар туралы мәлімет

Телеуев Г.Б. – хат-хабар авторы, PhD, құқық және экономика факультетінің деканы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Жансүгіров көшесі, 187, 050043, Талдықорған, Қазақстан

Бектұрғанов А.Е. – заң ғылымдарының докторы, профессор, конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының меңгерушісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі, 2, 010000, Астана, Қазақстан

Нұрмуханқызы Д. – PhD, ректор аппаратының басшысы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Жансүгіров көшесі, 187, 050043, Талдықорған, Қазақстан

Телеуев Г.Б. – автор для корреспонденции, доктор философии PhD, декан факультета права и экономики, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, улица Жансугурова 187, 050043, Талдықорған, Казахстан

Бектурганов А.Е. – доктор юридических наук, профессор, заведующий кафедрой конституционного и гражданского права, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан.

Нурмуханқызы Д. – доктор философии PhD, руководитель аппарата ректора, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, улица Жансугурова, 187, 050043, Талдықорған, Казахстан

Teleyuev G.B. – the author of the correspondence, PhD, Dean of the Faculty of Law and Economics, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Zhansugurov street 187, 050043, Taldykorgan, Kazakhstan

Bekturganov A.E. – Doctor of Law, Professor, Head of the Department of Constitutional and Civil Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, 010000, Astana, Kazakhstan

Nurmukhankyzy D. – Doctor of Philosophy (PhD), head of the rector's office, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Zhansugurov street 187. 050043, Taldykorgan, Kazakhstan



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).